

Келісілді

«Мұғалжар ауданының

білім бөлімі» ММ

әдістемелік кабинет әдіскері

Г.Қ.Нұрмағанбетова

« _____ »

2025ж



«Күншуақ» бөбекжай-бақшасы»

«Бекітемін»

МККК менеджері:

Жуыр

Ж.А. Курманова

« _____ »

2025ж



**«Күншуақ» бөбекжай-бақшасы»
мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорыны
«Шаңырақ» ересек тобы**

**2025-2026 оқу жылына арналған вариативтік компонент:
«Өнерлі екен он саусақ»**

Сүлейменова З.Ж.
Кинжибекова Н.Е

Қандыағаш қаласы

**Қандыағаш қаласындағы «Күншуақ»бөбекжай бақшасы» МКҚК
тәрбиеші З.Ж.Сүлейменованың «Өнерлі екен – он саусақ»
бағдарламасына (вариативтік компонент)**

Пікір

Мектеп жасына дейінгі балалар білуге тиісті қарапайым білім негіздерін неғұрлым тереңірек меңгере отырып, олардың ой–өрісін, білім дағдысы деңгейін кеңейту, сана–сезім, таным, шыңармашылық қабылдау әрекетін дамыту, білімге деген қызығушылыққа баулып, баланың өздігінен еңбектену белсенділігін қалыптастыру қажет.

Еңбек тәрбиесі – ол баланың еңбек етуге деген психологиялық даярлығын, еңбекке деген дұрыс көзқарасын қалыптастыру, сонымен бірге еңбек тәртібі мен мәдениетін меңгерту болып табылады.

«Өнерлі екен – он саусақ» бағдарламасы арқылы балалардың қызығушылық қабілеттерін шыңдап, ойлай білуге, әсемдікті сезіне білуге, қол еңбегі бүлдіршіндердің ең сүйікті ісі де болады. «Өнерлі екен – он саусақ» вариативтік компонент мектепке дейінгі балаларға мектепке дейінгі мекеменің оқыту мен тәрбиелеу бағдарламаларының талаптарына сәйкес вариативтік бөлімде тәрбиенушілердің танымдық талғамдарын ой өрісін арттыруға, сонымен бірге қоршаған ортаға деген қызығушылығын да арттыруға және балаларды мектепке даярлауға бағытталған көмекші құрал.

- баланың психикасына (эмоционалдық жағдайына)
- логикалық ойлау қабілетіне
- саусақ моторикасының дамуына
- қағаз бетіне бағдарлай білуді
- көзбен көріп, мөлшерлей білуді
- эстетикалық талғамының қалыптасуына зор ықпал етеді.

Негізгі оқу материалдарын басшылыққа ала отырып, бұл бағдарлама балалардың қиялын, ой–өрісін дамытады, шығармашылыққа жетелейді. Балалардың шығармашылық іскерліктері мен эстетикалық талғамын қалыптастыру.

**Мұғалжар аудандық әдістемелік
орталығының әдіскері**

Г.Қ. Нұрмағанбетова

Түсінік хат **(вариативтік компонент)**

«Күншуақ»бөбекжай бақшасының 2025-2026 оқу жылында мектепке дейінгі білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту заңына сәйкес № 7 «Шаңырақ» ересек тобына вариативтік компонент «Өнерлі екен – он саусақ» тақырыбында жоба ретінде таңдап алынды.

Дәстүрден тыс әдіс арқылы сурет салу, мүсіндеу, қол еңбегі бүлдіршіндердің ең сүйікті ісі де болады. Бояу әлеміне ену, оны қолмен ұстап, сезіну арқылы салынған дүние балалардың танымдық деңгейін ғана емес, сонымен бірге қоршаған ортаға деген қызығушылықтарын арттырады.

Мектепке дейінгі мекемелердегі бейнелеу өнерінің, мүсіндеудің, табиғи материалдармен жұмыс жасаудың шығармашылық қабілеттерін шыңдауда балалар үшін маңызы зор. Сондықтанда, осы дәстүрден тыс әдіс арқылы сурет салу, жапсыру, мүсіндеуге деген баланың қызығушылығын әрі қарай өрбіту.

Оқу–әдістемелік кешеннің құрамы;

- бағдарлама

-күнтізбелік жоспар

-қосымша материалдар

Бала қиялына ерік беру арқылы оның ішкі сезімін, жан дүниесін бағдарлау, іскерлік дағдысын дамыту.

Мақсаты: Мектеп жасына дейінгі балалардың шығармашылық ойлау қабілетін, мәдениетін дамыту. Шығармашылық іскерліктері мен эстетикалық талғамын қалыптастыру.

Міндеттері: балалардың шығармашылық қабілеттерін шыңдап, бір затты әр қырынан көре білулеріне, жасаған жұмыстарын талдауға, өз ойларын жеткізе білулеріне машықтандыру. Бейнелеу өнеріне қажетті негізгі техникалық дағдыларды меңгерту. Саусақ моторикасының дамуына, эстетикалық талғамының қалыптасуына ықпал ету. Сурет өнеріне деген қызығушылықтарын арттыру. Бастаған істі аяғына жеткізуге. Шыдамдылыққа, ұқыптылыққа тәрбиелей отырып, рухани-адамгершілік қасиеті дамыған жеке тұлғаны қалыптастыру.

Мазмұны:

Қағазбен жұмыс

Табиғи және қалдық материалдармен жұмыс

Өз қалаулары бойынша жұмыс

Шығармашылық жұмыс

Нәтижесінде: дәстүрден тыс әдіс арқылы бейнелеу техникасын меңгеріп, өз беттерінше жұмыс жасайды. Балалар адамгершілік пен сыйластықтың айырмашылығын түсіне алады, өздерінің ойларын дәйектей алады.

Балалардың ой өрісін кеңейтіп, есте сақтау қабілетін шыңдау, білімге деген қызығушылығын арттыру.

**«Өнерлі екен – он саусақ» вариативтік компоненттің
күнтізбелік жоспары**

№	Тақырыбы	Мақсаты	Қолданатын материалдар
1	«Гүлдер әлемі»	Гүлдер туралы түсінік беру	Далаппен (помадамен) салу
2	««Күзгі өнімді жинауға арналған себет»»	Ұжымда бірлесіп әрекет ете білу дағдыларын қалыптастыру	ватман, тұсқағаз
3	«Күз сыйлығы»	Балаларға күз мезгілінің ерекшеліктерімен таныстыру	суреттер, муляждар
4	«Ғажайып ұя»	Ұсақ қол моторикасын жетілдіру	ермексаз
5	«Мысық пен тышқан»	Қолдың ұсақ және ірі қимылдары, қиялы мен фантазиясын дамыту	Кепкен жапырақтар
6	«Жол белгілері»	пайдалануға жарамсыз заттармен жұмыс	қалдық заттар
7	«Тасбақа»	Балаларды жаңғақ қабығы мен ермексазды біріктіре отырып жұмыс жасауға жаттықтыру	Жаңғақ, ермексаз
8	«Менің отбасым»	Отбасы туралы түсінік беру	фотосурет, буклеттер жасау.
9	«Күнбағыс»	Табиғатта деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу	Күнбағыс дәні, жіптер, ермексаз
10	«Бәйтерек»	Туған өлкеге деген патриоттық сезім қалыптастыру	трафарет, желім, манка жармасы
11	«Киіз үй»	Киіз үймен таныстыру, әңгімелеу	картон, ермексаз, ши
12	«Достық керуені»	Отан туралы түсініктерін кеңейту	Түйенің бейнесі, желім, жүн, жіптер
13	«Жаңа жылдық безендіру»	Мереке тән өз ерекшеліктерін беру	Майлы қылқалам, түрлі-түсті қағаздармен жұмыс
14	«Аққала»	Қағазды умаждау арқылы домалақтап, бір-біріне желімдеп, аққала жасату	Суреттер, бояу, мақта. мүсіндеу
15	«Қысқы шыршалар»	Шырша жасауды үйрету. Баланың ой-қиялын дамыту.	Пайдалануға жарамсыз заттар, майлы қылқалам
16	Балалардың өз қалаулары бойынша жұмыс жасау	Баланың ой-қиялын дамыту, шығармашылықпен әрекет етуге баулу, бастаған істерін аяғына дейін жеткізе білуге дағдыландыру	Пайдалануға жарамсыз заттар
17	«Пингвин»	Балаларға пластикалық	Ермексаз, бөтелке

		бөтелке мен ермексаздан пингвин жасауды үйрету	
18	«Үй»	Балаларға пластикалық ыдыстардан, пенопластан әр түрлі заттар жасауға үйрету	Пеноплас, пласт.бөтелке
19	«Көңілді шеберхана»	Қағаздан әр түрлі ойыншық жасау тәсілдерін үйретуді жалғастыру. Дөңгелектеу арқылы конус жасауға үйрету.	Түсті қағаздар
20	«Аналарға сыйлық» (Құттықтау ашық хат)	Қалың қағаз бетіне жұмсақ мочалканы (губка) алма пішініне ұқсатып қиып, желімдеп, бетіне ине қадағыш жасау	Губка, желім
21	«Көбелек» (Табиғи материалмен жұмыс)	Балаларды табиғи материалдармен таныстыру. Жұмыс істеудің алғашқы дағдыларын қалыптастыру. Ойыншық жасау барысында дене бөліктерін салыстыра білуге үйрету. Әдемілікке баулу	Табиғи материалдар
22	«Қамшы өру»	Әр түсті үш жіпті өруді және оның ұштарын бекітіп, таяқшаға байлауды үйрету. Өз қолдарымен бұйым жасауға деген қызығушылықтарын арттыру	Әртүрлі жіптер
23	«Құстардың ұясы»	Балаларға пластикалық ыдыстан ұя жасауды үйрету	Пласт. ыдыстар
24	«Желкенді қайық»	Жаңғақ қабығына ермексазды толтыра отырып, дайын таяқша жапырақты қадап бекіту	Жаңғақ, ермексаз
25	«Ұшақ»	Балаларды қағазды бекітудің қарапайым әдістерімен таныстыруды жалғастыру. Бүктеу кезінде қарама-қарсы қабырғалары мен бұрыштарының сәйкес келуін қадағалап үйрету	Түрлі түсті қағаздар
26	Табиғи материалдармен жұмыс	Табиғи материалдармен жұмыс Балалардың өз қалаулары бойынша жұмыс жасау	Табиғи материалдар
27	«Үйрек» (оригами)	Саусақ бұлшық еттерін және баланың ой-қиялын дамыту; Қағазды әр түрлі әдіспен бүктеуге жаттықтыру	қағаздар
28	«Көгершін» (оригами)	Қағазбен жұмыс істеудің әр түрлі тәсілдерін үйретуді	қағаздар

		жалғастыру; Саусақ бұлшық еттерін жетілдіру	
29	«Мимоза тармақшалары»	Дөңгелек түрдегі заттарды қия білуге, бөліктерден құрастыра білуге үйрету.	Қағаз, қайшы
30	«Кеме» (оригами)	Қағазды бүктеу, жазу арқылы саусақтарды әр түрлі ұсақ қимылдарды жасауға үйрету	қағаздар
31	«Ит» (Табиғи материалдармен жұмыс)	Ит (Табиғи материалдармен жұмыс) Жануарлардың бейнесіне сәйкес табиғи материалдар таңдай алуға үйрену.	Табиғи материалдар
32	«Қуыршақ» театры (Қолтырауын Гена, Чебурашка)	Баланың ой-қиялын дамыту, шығармашылықпен әрекет етуге баулу,	жарамсыз заттарды пайдалану
33	«Рамкалар жасау»	Балаларға жарамсыз заттарды, дәндерді рамаға ұқыпты жапсыра білуге жаттықтыру	дәндер
34	«Кірпі»	Балаларды пайдалануға жарамсыз заттармен жұмыс жасауға жаттықтыру	Шишқалар, ермексаз
35	«Сандықша»	Пайдалануға жарамсыз заттардан, қорапшалардан сандықша жасап, әшекейлеуге үйрету	қорапшалар
36	Шығармашылық көрме ұйымдастыру	Шығармашылық көрме ұйымдастыру	Балалардың жыл бойы жасаған жұмыстарынан көрме ұйымдастыру